

Өтелген кепілдерді ұсыну талаптары

Өнім түрі	Өтелген кепіл: ○ Тендерге қатысу; ○ Шарт/Келісім бойынша міндеттемелерді орындау; ○ Кеден салықтарын төлеу бойынша; ○ Демпинг бағасы бойынша; ○ Туроператорлар және туроператор-фрахтаушы; ○ Төлем; ○ Аванстық төлемді қайтару.
Кепіл валютасы	KZT
Кепілсалым сомасына сыйақыны есептеу	Жоқ
Клиентке (Принципалға) қойылатын талаптар	1) Банкте ағымдағы шоттың болуы; 2) Клиенттің банктік шоттарына қатысты мерзімінде төленбеген төлем құжаттарының жоқ болуы, клиенттің бюджет алдындағы берешегінің жоқ болуы, оның ішінде ақша жіберушінің акцептін, сонымен қатар шығын операцияларын тоқтату туралы өкімдердің және тыйым салуды талап етпейтін; 3) Клиенттің Банктегі ағымдағы шотында Кепіл сомасына тең соманың және Кепілді беру үшін Банктің комиссия сомасына тең ақшаның болуы;
Сатып алу түрі	1) мемлекеттік сатып алу; 2) «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ және Қорға тікелей немесе жанама түрде (қатысу үлесі) елу және одан да көп процентінің дауыс беру акциялары бар ұйымдар өткізетін сатып алу; 3) коммерциялық сатып алу.
Кепілдің ең төменгі сомасы	Шектеу жоқ
Кепілдің ең жоғарғы сомасы	1) Өнім шектеулері: - бір кепілдік үшін 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден аспайды; - ағымдағы кепілдіктер бойынша бір клиентке 500 000 000 (бес жүз миллион) теңгеден аспайды. - корпоративтік бизнес сегментінің клиенттері үшін шекті сомаға шектеусіз. - Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар үшін жеңілдікті шарттардысыз 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеден аспайды. Бұл ретте бұл шек уәкілетті мемлекеттік органның тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген лимитке сәйкес өзгертілуі мүмкін. 2) Сату арналары бойынша шектеулер:

	- Өнім шектеулеріне сәйкес БСБ/БҚКО/Bank веб-сайты; МИБ/ ИБ өнім шегінде бөлек әкімшілік құжатпен анықталады.
Кепілдің әрекет ету мерзімі	Шартқа/Келісімшартқа/конкурстық/тендерлік/басқа құжаттамаға/Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес. Міндеттемелерді орындаудың кепілдік әрекет ету мерзімі: - егер келісімшартта/шартта мерзім белгіленсе, онда міндеттемелерді орындаудың кепілі әрекет ету мерзімі келісімшартты/шарты орындау күнінен бастап плюс 1 (бір) жыл мерзімінде бекітіледі; - егер мерзім ретінде «міндеттемелерді толық орындағанға дейін», онда міндеттемелерді орындаудың кепілі әрекет ету мерзімі кепіл міндеттемесі шығарылған күннен бастап 2 (екі) жыл мерзімінде бекітіледі). Мерзімсіз Кепілдер мемлекеттік және Қор және Қорға тікелей немесе жанама түрде (қатысу үлесі) елу және одан да көп процентінің дауыс беру акциялары бар ұйымдар өткізетін сатып алу бойынша міндеттемелерді орындаудың кепілдерден басқа шығарылмайды, олар Принципал міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етуі мүмкін.
Комиссиялар	Кепіл сомасының 0,2 %, ең кемі 10 000 теңге;

Қажетті құжаттардың тізімі*

Кепіл беруші үшін қажетті құжаттардың тізімі (Банк филиалы арқылы кепілдік беру кезінде) :	
○ Клиенттің (заңды тұлғаның) уәкілетті органының кепілдік бойынша қамтамасыз ету ретінде Банкке ақшаны беру туралы шешімі (түпнұсқа), Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындамауы/тиісті түрде орындамауы жағдайында Банктің банктік шоттан тура дебеттеу құқығын бере отырып; ○ Клиенттің банктік шотынан тура дебеттеу Клиенттің жұбайының (жолдасының) нотариалды куәландырылған келісімі (егер Клиент – жеке кәсіпкер болса және некеде тұрса), Банкке қамтамасыз ету ретінде ақшаны беруге және Клиенттің Банк алдындағы міндеттемелерін орындамауы/тиісті түрде орындамауы жағдайында Клиенттің банктік шотынан тура дебеттеуге; ○ Клиенттің нотариалды куәландырылған өтініші (егер Клиент – жеке кәсіпкер болса және некеде тұрмаса), кепілдік бойынша қамтамасыз ету ретінде ақшаны берген кезде Клиенттің некеде тұрмағаны туралы.	
○ Өтелген кепілді шығаруға өтініш (түпнұсқасы);	
○ Конкурстық/тендерлік/шарт немесе басқа құжаттама (көшірмесі/түпнұсқасы немесе электронды түрде жіберіледі)	
Егер Клиент бейрезидент болса, онда келесі құжаттар ұсынылады:	
○ Клиент мемлекетінің уәкілетті органы берген Бейрезидент заңды тұлғаның статусын куәландыратын құжат (көшірмесі) – Банкте бұл құжат болса, ұсынылмайды	
Банк кепілдігін сенімді тұлға алса, қажет болатын құжаттар:	

○ Тиісті құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлғалардың жеке басын куәландыратын құжаттар

○ Сенімхат және кепілдікті алу үшін сенім білдірілген тұлғаның жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесі, «түпнұсқамен салыстырылды» деген белгісімен (қажет болған жағдайда).